

- 11 Losev, A. F. History of ancient aesthetics. Early classics [Text]: In 8 volumes / A. F. Losev. – (M.: AST, 2000)
- 12 Binary oppositions/ V. P. Rudnev // Dictionary of culture of the XX century. – M.: Agraf, 2001.
- 13 Eliade M. Sacred and secular [Text] – M., 1994 – P. 144 .
- 14 Bakhtin M. M. Forms of time and chronotope in the novel. Essays on historical poetics. – M., 1975. – B. 234-408.
- 15 Eliade M. Patterns in comparative religion. – M., 1999. – P. 358.

Received: 20.06.2023

МҒТАР 17.01.39

DOI: [10.59102/kufil/2023/iss4pp102-111](https://doi.org/10.59102/kufil/2023/iss4pp102-111)

**Г.Ж. Орда<sup>1</sup>, Р.А. Искакова<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Алматы, 050010, Қазақстан Республикасы

<sup>2</sup>Назарбаев Зияткерлік мектебі, Алматы, 050010, Қазақстан Республикасы

### **ЖАҢА ДӘУІР ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ДАМУ БАҒЫТТАРЫ**

*Мақалада ХХІ ғасырдағы қазақ поэзиясының даму бағыттары жекелеген ақындардың шығармалары аясында қарастырылған. Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ поэзиясы күні бүгінге дейін толық зерттелмегені тақырыптың өзектілігін айқындайды.*

*Қазіргі қазақ поэзиясына үлес қосып жүрген Қ. Бегманов, Қ. Қайранбай, Ж. Құрман, Б. Жылқыбекұлы, М. Құнапия, М. Сейтқазинов, Т. Дәлеров, Ж. Немеребай, С. Қамшыгер, Е. Қуатбекұлы, Б. Мырзақұлов, Ш. Талап, Р. Аспанқызы сияқты әр буын өкілдерінің шығармаларын салыстыра зерттей отырып ғылыми пайымдаулар жасалған. Зерттеу нысанына алынған ақындардың шығармаларынан ұлттық поэзияның мазмұны мен пішініндегі көркемдік ізденістер жан-жақты қарастырылған. Қазақ поэзиясында қалыптасқан дәстүрдің сабақтастығы мен жаңашылдық мәселесі әдеби талдаулармен жинақталған. Қазіргі поэзиядағы жалғыздық сарыны ақындардың өмір сүріп отырған қоғам өміріне, замандастарына деген наразылықтарымен дәлелденген. Ұлттық поэзия мазмұны мен пішіні жағынан толысқаны нақты шығармалармен жинақталған.*

*Ұлттық поэзияның даму үрдістерін бағамдауда ақындардың шығармалары салғастырмалы, салыстырмалы әдіспен зерттелді. Зерттеу нәтижелерін филология, журналистика факультеттерінде жаңа дәуір әдебиетін оқытатын пәндерге қосымша материал ретінде пайдалануға болады.*

*Кілт сөздер: поэзия, лирика, мазмұн, форма, көркемдік ізденіс, дәстүр сабақтастығы, жаңашылдық.*

### **НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР**

ХХІ ғасырдағы қазақ әдебиеті – мазмұны мен түрі жағынан толысқан әдебиет. Бұл жылдары қазақ поэзиясы толығып толысты, жаңа белеске көтерілді. Әдебиет – өмірдің көркем шежіресі болса, ақын-жазушылар – халықтың қуанышын да, қайғысын да жеткізушілер. Қай дәуір әдебиетін алып қарасаңыз да, халық тарихын жасаушы, кейінгі ұрпаққа жеткізушілер – тарихшылар мен қаламгерлер. Еліміз егемендік алғаннан кейінгі жылдары қазақ ақындары халықтың жырын жырлап, мұңын мұңдады. Поэзия – жауынгер жанр екенін ХХІ ғасырдағы ақындар өз шығармаларымен дәлелдеді.

Жаңа дәуірдегі ел тарихынан үлкен орын алатын ірілі-ұсақты оқиғалардың барлығы дерлік көркем әдебиетте бейнеледі. Ақындар ел өміріндегі түрлі тақырыпты меңгеруде

әдебиеттің мазмұнын кеңейтсе, әлем әдебиетінде қалыптасқан жаңа үрдістер ұлттық әдебиетте де орнықты. Әдебиеттегі дәстүр және жаңашылдық мәселесін поэзия, проза, драма жанрлары бойынша тарата сөз ететін болсақ, қазіргі таңда ұлттық әдебиет дамудың жаңа белесіне көтерілгенін аңғарамыз. Көркем әдебиетте қалыптасқан дәстүр сабақтастығын аға буын өкілдерінің шығармаларынан көрсек, жас қаламгерлер мазмұнмен бірге пішіндік ізденістерге барып, түрлі көркемдік әдіс-тәсілдермен эксперимент жасады.

## КІРІСПЕ

Көркем сөздің негізгі қызметі адамзат баласына танымдық, тәрбиелік, эстетикалық байлық беру болғандықтан, әдебиетте шекара болмайды. Қай елдің қаламгері жазса да ол күллі адамзатқа қаратыла айтылады. Сондықтан әдебиеттегі жалпыадамдық құндылықтар адамзат баласына ортақ. 2020 жылғы бүкіл әлемді алаңдатқан «COVID-19» коронавирусы, 2022 жылғы Қаңтар оқиғасы, 2022 жылғы қыркүйектегі Ахмет Байтұрсынұлы еліндегі, 2023 жылғы маусымда Абай еліндегі орман өртенуі, 2023 жылғы 8 ақпанда Түркияда болған жойқын жер сілкінісі туралы аза жырлар ұлттық поэзияға қосылды. Тосыннан келген табиғат апаты халықты есеңгіретіп жатқанда, қазақ ақындары қолына қалам ұстап оларға басу айтып, сөз көмегін жасауы әдебиетте шекараның жоқтығын көрсетті.

Сонымен бірге қазақ ақындары ел өміріндегі әлеуметтік мәселелерді де назардан тыс қалдырмай қадағалауда. Пәтер жалдап отырған ата-ананың бес баласының өртке орануы, баласын асырай алмай тығырыққа тірелген ананың балаларын жоғары қабаттан лақтыруы тәрізді ел өміріндегі түрлі қасіреттер поэзиядан орын алды. Осылайша ақындар ел өміріндегі түрлі оқиғаларды жіті қадағалап, өз үндерін қосуда. Қазіргі поэзия мазмұнымен бірге пішіні жағынан да толысып жатқанын ақ өлең үлгілерінен, өлең құрылысындағы буын, бунақ, тармақ сандарынан көруге болады. Ақпараттық заманда қаламгерлер қысқа да нұсқа жазуға ден қоюда. Соның нәтижесінде екі-үш беттен тұратын повесть, романдар, жеті-сегіз сөйлемнен тұратын әңгімелер, бір не екі тармақтан тұратын ақ өлеңдер жазылуда. Осылардың барлығы қазіргі қазақ әдебиетіндегі пішіндік ізденістерді көрсетеді.

## МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

Ұлттық поэзия соңғы отыз жылдың көлемінде қарыштап дамуда. Әр жылдарда жазылған туындылар ұжымдық монографиялар мен ғалымдардың зерттеу еңбектерінде жан-жақты қарастырылуда. Атап айтатын болсақ, тоқсаныншы жылдардағы қазақ поэзиясы он томдық «Қазақ әдебиетінің тарихы» атты кешенді еңбектің оныншы томында біршама зерттелді. «XXI ғасырдағы қазақ әдебиеті» атты зерттеуде тәуелсіздіктің екінші онжылдығындағы әдебиет қарастырылды. «Қазіргі әдебиеттегі жалпыадамдық құндылықтар», «Қазіргі қазақ әдебиеті: даму үрдістері, есімдер мен оқиғалар», «Қазіргі әдеби процестің даму тенденциялары» сынды зерттеу еңбектерде негізінен аға буын өкілдерінің шығармаларына талдау жасалды. Ұсынылып отырған мақалада тәуелсіздік тұсындағы поэзияға үлес қосқан бірнеше буын өкілдерінің шығармалары салыстырыла зерттелді. Сонымен бірге З. Қабдолов, Б. Майтанов сынды әдебиеттанушы ғалымдардың ғылыми пайымдаулары тақырыпты зерттеуде бағыт-бағдар берді.

Қазіргі қазақ поэзиясы әдебиеттану ғылымында біршама зерттелуде деп айтуға болады. Әдебиеттанушы ғалымдар әлем поэзиясының даму бағыттарын тыңғылықты зерттеуде. Ол қатарда қазіргі поэзияның даму жолындағы үш төңкерісті Стэнли Берншоудың «The Three Revolutions of Modern Poetry» [1], Азия-Америка поэзиясындағы мазмұн мен пішінді Дороти Вангтың «Wang Thinking Its Presence: Form, Race, and Subjectivity in Contemporary Asian American Poetry» [2], қазіргі үнді поэзиясын Суканья Басу Малликтің «The development of modern poetry in India» [3], әдебиеттегі жаңашылдықты Кэтлин Койпердің «Modernist» [4] зерттеулерінен көруге болады. Ғалымдардың еңбектерінен қазіргі поэзияның біршама

зерттеліп жүргені байқалса, «The December Revolt Statement (Description) in Kazakh Literature» [5] мақалада 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі туралы лирикалық және эпикалық поэмалар, «Artistic transformation of the female image in kazakh literature» [6] зерттеуде қазақ әдебиетіндегі әйел-аналар бейнесінің трансформациялануы жекелеген ақындардың шығармалары негізінде жинақталған болатын.

Мақаланы жазу барысында әдебиеттану ғылымында қалыптасқан фенемологиялық, герменевтикалық, көркемдік талдау, тарихи-функционалдық, тарихи-салыстырмалы, жүйелілік-құрылымдық әдістер пайдаланылды.

## НӘТИЖЕЛЕР

Қоғамның өзі күнделікті дамып отыратын қозғалыс болса, қазақ әдебиеті де күннен-күнге өсіп-өркендеуде. Ұлттық поэзияның қарыштап даму үстінде екені соңғы жылдарда жарық көрген жыр жинақтардан байқалады. Қазіргі қазақ поэзиясындағы мазмұндық, пішіндік ізденістер қатарында төмендегі ерекшеліктерді атауға болады. Біріншіден, «Тіл кеспек болса да, бас кеспек» жоқ екенін ұққан ақындар өз шығармаларымен бұқара халықтың мұң-шерін жоқтау сарынындағы аза жырлармен жеткізуде. Екіншіден, «мыңмен жалғыз алысқан» Абай тәрізді қоғам өміріндегі, замандастар бойындағы кері кеткен қасиеттермен күресуде. Үшіншіден, халық өміріндегі тарихи оқиғалар қазақ поэзиясынан орын алуда. Бұл қатарда 1986 жылғы Желтоқсан, 2020 жылғы «COVID-19», 2022 жылғы Қаңтар оқиғасы және басқа қасіретке толы оқиғаларды атауға болады. Төртіншіден, әдебиетте шекара жоқ екенін ақындар 2023 жылы ақпан айында Түркиядағы зілзала кезінде көрсетті. Бесіншіден, ақ өлең үлгісінен пішіндік ізденістер байқалады. Алтыншыдан, қазіргі поэзияда жалғыздық сарыны кең етек жайған. Жетіншіден, ұлттық поэзияда Шығыс әдебиетінде орныққан Аллаға, пайғамбарға арналған мадақ жырлар қосылды. Сонымен бірге ақпараттық заманда уақыт үнемдеуден туған ықшамдап жазу қалыптасты. Ұлттық әдебиетке бір баспа табак, үш-төрт сөйлемнен тұратын роман, оншақты беттік повесть, екі-үш сөйлемнен тұратын әңгіме, екі тармақтан, бір-екі сөзден тұратын ақ өлең үлгілері келіп қосылды.

## ТАЛҚЫЛАУ

XXI ғасырдағы қазақ поэзиясы – мазмұны мен түрі жағынан толысқан поэзия. Соңғы ширек ғасырда қазақ поэзиясы толығып толысты, жаңа белеске көтерілді. Қазақ ақындары халықтың жырын жырлап, мұңын мұңдауда ел өміріндегі ірілі-ұсақты оқиғалардың барлығы дерлік ақындардың назарынан тыс қалған жоқ. Оны ақын Қуат Қайранбаевтың «Көңілдің қоңырауы» жыр жинағына енген өлеңдерінен көруге болады. Академик З. Қабдолов: «Әдебиет – ардың ісі. Қазақ әдебиеті – қазақ атаулының ғасырлар бойғы тағдыры мен талайының, тұрмысы мен тіршілігінің көркем шежіресі ғана емес, халықтық қасиеті, ұлттық паспорты, адамдық һәм азаматтық келбеті-мүсіні мен мінезі, автопортреті», – деген болатын [7, 176]. Ғалымның осы пікіріне сүйенетін болсақ, 2020 жылғы бүкіл әлемді алаңдатқан «COVID-19» коронавирус инфекциясының адамзат баласына алып келген шығыны әдебиеттен көрініс тапты. Ақын «Азалы күн...» өлеңінде «аты жаман ажал келіп жалмауда, Ұлтқа тұлға асыл менен тектіні», «қатар-қатар алып жатыр сұм ажал, Өлім тұрмақ, өкпеге де қимасын» деп сол бір ауыр күндерді еске ала отырып, ажал кезген заманның әр күнін азалы күнге балайды.

Дертпен арпалысқан лирикалық кейіпкерді лапылдаған от ішінен алып шыққан ақ халатты абзал жандар мен мен тілеулес жақын туыстарының ақ тілегі екеніне сендіреді. «Ол туралы ода» – сол бір ауыр күндерге арналған ода:

Жазым ба, әлде  
Келген маған төтелеп.  
Жауабы жоқ сан сауалдар өте көп.  
Анығы бір – мен сүйетін жандардың,

Ақ тілегі алып шықты жетелеп [8, 45].

Осы тақырыптың көркем суреттерін ақын Б. Жылқыбекұлының шығармаларына да арқау болды. 2020 жылы «COVID-19» коронавирус инфекциясымен алысып, көпшілік жұмыссыз үйге қамалғанда мемлекет тарапынан уақытша жұмыссыздарға бір айға әлеуметтік көмек ретінде 42 500 теңге берілді. Үйде отырып бала-шағасына нан таба алмай қиналғандар жәрдемақының соңында біраз сабылып, шұбаған кезекке тұрды. Мұны көрген ақын азын-аулақ қаржының емге де жетпейтінін былай суреттейді:

Бір ай үшін қырық мың  
артық па, әлде, кем бе?!

Сұрауды осы қояйын  
халық қамын ойлаған,  
алты үйі бар шенге [9, 71].

Қоршаған орта мен қоғам өмірінде кездесетін жайттың бәрі – ақын үшін өлең. Себебі ол өзіне ой салған, көңілін алаң еткен мәселеге бей-жай қарай алмайды. Замандастарына ой салу мақсатында оларға өз үнін жеткізеді. «Індет ілкі» өлеңінде ХХІ ғасырдың індетіне шипа іздеген лирикалық кейіпкер «Сүттен гөрі шарап пен шылым қызға жақын боп» деген тармаққа бүгінгі қазақ қыздарының тәрбиесін сыйғызған. Қазақ халқы «қызға қырық үйден тыйым салып», бір қыздың тәрбиесіне бүкіл ауыл-аймақ араласқан. Қазіргі таңда атадан балаға мирас болған бала тәрбиесі күрт өзгерді. Жаһандану заманында өмір сүріп жатқан жастар Еуропаға еліктеп ұлттық құндылықтардан алшақтауы – өмір шындығы. Қыздардың темекі тартуы үрдіске айналғаны сонша оларға тіпті көңіл аудармайтын күйге жеттік. Әке-шешесін тыңдамайтын қыздар ертең қалай ұрпақ тәрбиелемек? Міне, ақынды осындай ел өміріндегі өзекті мәселелер алаңдатады. «Мешелдену» өлеңінде қоғамдағы келеңсіздіктерге торығу, ашыну басым.

Аға буын өкілдерімен бірге соңғы оншақты жылда әдебиетке келген жастарда да мұң-шер өлеңдер көптеп кездеседі. Тәуелсіздік тұсында дүниеге келгендерді – отаршылдық езгісін көрмеген, бақытты балалық шағын өткізген еркін елдің ұландары деп түсінеміз. Алайда жас ақындар да түрлі мәселелерге алаңдап, ел басындағы ауыр жағдайларға жаны күйзеледі. «Ақынға айналып кетейін, Ерніме қондырып ғасырды» дейтін Ш.Талаптың жүрегі қырық жамау екенін мұң-шер өлеңдері растайды. Әдетте ақындардың көпшілігі жастық шағында махаббат лирикасына көңіл бөлсе, тәуелсіздік ақындары ой тереңдігімен, қырағылығымен көзге түседі. Шығыс шайырлары мен Батыс әдебиетін қатар оқитын ұрпақ шығармаларында әлем тынысы орын алған. «Мұң кешу» өлеңінде:

Өзімді іздедім, сезімді іздедім,  
Мейірімге зәру ғасырдан.  
Уақытқа айтар сөзімді іздедім,  
Мыңжылдықтарға шашылған, – дейтіні де содан [10, 6].

«Жыр оқиды жүректерге сия алмай, Аспанға айтып наласы мен азасын!» дейтін ақынның «Бұл Алматы – ақындардың моласы!..» деген жолдары оқырманға ой салады. Ауылда туып, мәдениеттің ошағына айналған әсем қала Алматыға арман қуып келген ақындардың көпшілігі мәңгілік мекенін «Кеңсайдан» тауып жатқанын еске алатын болсақ, ақынның жыр шумақтары арғы-бергі тарихты көз алдымыздан өткізеді. Қасым Аманжолов, Мұқағали Мақатаев, Шәмші Қалдаяқов сияқты біртуарларға пана болмаған қалаға бүгінгі ұрпақ та ренжулі. Осы жөнінде Б. Майтанов: «Тегінде, адам назын іште жасырғанша, айтып шығарғаны, жұртшылық талқысына ұсынғаны жөн. Ол – қоғамға қарсылық емес, жаны ашығандық. Сынды көтере білу – күштіліктің белгісі. Ақын жүрегінің қанаты – шындық», – деген болатын [11, 15]. Ғалымның осы пікіріне сүйенетін болсақ, Ш.Талап шығармаларында мұң-шер, жалғыздық сарыны, орта мен өмір сүріп отырған дәуіріне деген реніш анық байқалады. «Ақын-ғұмыр», «Мұң кешу» т.б. өлеңдерінде мұң-шер басым болса, әдебиеттегі жалғыздық сарыны ақынның «Күрсініс талыққан бөлмеде» өлеңінен анық көрінеді.

Күрсініс талыққан бөлмеде,  
Дыбыстар шуына шөлдеген.

Ауада тербелген елестің,  
Жалғыздық ойымын – мен деген [10, 12].

Осындай жалғыздық сарын Р. Аспанқызының ақ өлеңмен жазылған «Квант» өлеңінен байқалады:

Сен менің қасымдасың, бірақ Мен жалғызбын,  
Мен жалғызбын, бірақ Сен Менің қасымдасың... [12, 54].

Тоқсаныншы жылдары көші-қон мәселесі мемлекеттік дәрежеде қолға алынып, Қытай, Моңғал, Өзбекстан, Қарақалпақстандағы қандастарымызды елге көшіру жоспарлы түрде жүзеге асты. Сол кезде көптеген азаматтар ат басын атамекенге бұрып, бүгінде ата-бабасының жерінде қызмет етіп жүр. Жанболат Құрманың «Қос күрең» кітабына атамекенге келгеннен кейін жазылған жырлары топтастырылған. Социалистік қоғамнан нарықтық экономикаға ауысу кім-кімге де оңай болған жоқ. Сол кезде елге келген бауырларымыз қиын-қыстау күндерді басынан өткізсе, қиыншылыққа шыдамай туған жеріне кетіп қалғандары да болды. Атамекеннен қайта кетуге бет түзеген замандастарына қарата қазақ деген халықтың кім екенін «Қазақ рухы» өлеңінде төмендегіше жырлады.

Қазақ рухы ойнайды жылқысының жалында,  
Қазақ рухы тулайды текпен келген қанында.  
Қазақ рухы Алашшыл арысы мен биінде,  
Қазақ рухы сақталған дәстүрі мен тілінде [13, 165].

Ақын қазақтың рухын атом бомбасы да жеңе алмайтынын, оның тегі ғұн, сақ, түркіде жатқанын айта келіп, рухы жығылған замандастарына «қандасым-ау, мен саған айтып тұрмын ашынып» деп олардың рухын оятуды мақсат етті. Бір шумақтың әр тармағын «Қазақ рухы» деген сөзбен бастау арқылы «рух» сөзіне көңіл аударып отыр. Ақын қазақ баласының асқақ мұратын, өлмес, өшпес рухын паш етті. Ақын Ж. Молдағалиев кеңестік дәуір тұсында «Мен – қазақпын» деп жар салса, егемен елдің ақыны Қ. Жанболат «Мен – қазақтың жанарының нұрымын, Желбіреген алтын айдар тұлымым» деп жырлады. Туған жерге деген шексіз сүйіспеншілік оның асқақ рухты патриоттық жырларынан мен мұндалайды.

Туған жерін жырға қоспаған ақын қазақ поэзиясында жоқ деп айтуға болады. Кез келген ақынның туған жерін жер жәннатына балайтыны белгілі. Осы үрдіс жастар поэзиясында заңды жалғасын тапты. Е. Қуатбекұлының туған жер туралы «Туған жер», «Еркелегім келеді, еркелегім» өлеңдерінің қатары ел, отан туралы жырлармен толықты. Туған жерге деген кіршіксіз махаббат келе-келе отанға ұласты, лирикалық кейіпкердің отан үшін жанын отқа да, суға да салуға дайын екенін оқығанда еріксіз шаттанасың.

Жанымнан қымбат маған құмың, тасың,  
Бір түйір жусаның да жығылмасын.  
Ұлтаның боп өтсем де өкінбеспін,  
Садаға ел жолында жұмыр басым! [14, 46],

– деген жолдарды оқып отырғанда, «Өзге елде сұлтан болғанша, өз еліңде ұлтан бол» деген халық даналығы жадыға оралады.

Өзге ақындар секілді кіндік қаны тамған Мырзашөлді «Меккедей құтты мекенім» деп жоғары дәріптеген Б. Мырзақұловтың «Сексеуіл тамыр – текті ұлдың», «Шырынын сықса өрік – Күн», «Түйеңмін жантақ – қорегі...» дегенінен тың бейнелі тіркесті көреміз. Күнді өрікке, тектілікті сексеуілге балау – ақынның қазақ поэзиясына алып келген жаңа бейнелері болса, төмендегі шумақтан табиғат пен адам арасындағы ұқсастықты көруге болады.

Сексеуілдейін берік тым,  
Сыр сақтар жанға серікпін.  
Сексеуілдейін берік тым,  
Сезім мен жырға жерікпін [15, 3].

Бір шумақ өлеңнің әр тармағын «С» әрпімен бастаумен әуезділік пен «сексеуіл» сөзіне басымдық берген ақын туған жер табиғатының адам баласының қалыптасуына тікелей әсер ететініне көңіл аударған.

Қазіргі қазақ поэзиясындағы келесі мазмұндық ізденіс Аллаға, пайғамбарға қаратыла айтылған мадақ жырлардан көрінеді. С. Қосан «Құран сөзі» өлеңінде оқырманына сені жаратқан кім, не үшін жаратты, адам болған соң не істеу керек, қандай болу керек деген сауалдарға жауап беріп, Мұхаммед (С.Ф.С) пайғамбардың кім екенін түсіндіреді. Осы үрдіс жастар поэзиясында көптеп кездеседі. Жас ақын Б. Мырзақұлов Құран сүрелерінен, аяттардан, шығыс шайырларынан эпиграф не үзінділер келтіруге шебер. «Шұғара» сүресіндегі ақындар туралы айтылған ойларды еске ала отырып, Мұхаммед пайғамбардың «Ең соңғы Расул, Нәби – мен, Менен соң келер ақындар», – деген сөзін тілге тиек етеді. Осы қатарда Қожа Хафиз, Омар Хаям, Шәкірімдердің өлеңдерінен келтіріген эпиграфтарды атауға болады.

Сонымен бірге әдебиеттен халық тарихынан орын алатын айтулы оқиғалар орын алды. Қазақ өмірінен үлкен орын алған тарихи оқиғаның бірі – 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі. Халық тарихында қара әріппен жазылған бұл көтеріліс туралы үлкенді-кішілі қаламгерлер шағын лирикадан бастап, бірнеше поэма, әңгіме, повесть, романдар жазды. С. Қосанның 1986 жылғы «Желтоқсан» көтерілісіне арналған «Желтоқсан» жырында ит жетектеп, бес қаруын асынған қалың әскер мен өрт сөндіргіш машиналардан суық ызғар есіп, желтоқсанның бет қарыған аязы да дененді түршіктірегі даусыз. Осы ойды С. Қамшыгер «Желтоқсандық рух» өлеңінде жалғастырды. Алаңдағы қанды қырғынды көрмеген лирикалық кейіпкердің арада бірнеше жыл өткенде Тәуелсіздік монументіне барып, азаттық жолында марқұм болған жастарды еске алуы орынды. Отарлау саясатының қаншама түрткісіне төзген көңтері халқымыздың тәуелсіздікті аңсаған жастары бір-ақ күнде «қазақ» деген халық барын әлемге танытса, олардың бейнесі бүгінгі ұлт поэзиясына арқау болды.

Жастар поэзиясынан көзге түсетін келесі тақырып – махаббат. Кез келген ақынның бозбала күнін жырға қосуда махаббатқа үлкен көңіл бөлетіні сияқты, Е. Қуатбекұлы жастық желеңіндегі ару қыздарға деген сүйіспеншілігін өлең жолдарына сыйғызған.

Ғашық болмадым адамға,  
Періште менің сүйгенім.  
Періште қайда, мен қайда?  
Таусылар емес күйбеңім [15, 120],

– дейтін лирикалық кейіпкердің сүйгенін іздеп шарқ ұруы, махаббатың тек қуаныш емес, қайғы мен мұңнан тұратыны – шындық. «О, Муза, сенсің мені сүйемелер! Сен кетсең, өлең деген кие де өлер» дейтін ақынның Музасы – жыр пырағы болғандықтан, махаббаттың шарабына мас болып, махаббат жырларын жазған үстіне жаза берді.

Кез келген қаламгер өз дәуірінің мұңы мен шерін шығармаларына арқау ететіні әдебиет тарихынан белгілі. Б. Мырзақұловтың «Қанды қаңтар» өлеңіне 2022 жылдың басындағы Алматы қаласындағы «Қанды қаңтар» оқиғасы негіз болды. Тігінен оқығанда «Қанды қаңтар» деген сөз шығатын өлең он бір тармақ екі шумақтан тұрады. Әр тармақтың соңындағы леп белгісі оған үстеме леп беріп тұрғаны мәлім. Әдетте леп белгісі бұйрық, ұран, үндеу мәнді сөйлемдерге қойылатын болса, мұнда «Қанды қаңтар» оқиғасына көңіл аударылған. Өлеңде ескі жүйеге деген наразылық болғанмен, түбінде халықтың арманы орындалатынына сендіретін оптимистік үн басым.

Б. Мырзақұлов өлеңдерінен қазіргі қазақ поэзиясындағы діни тақырыпты шығыс шайырларының бәйіттерімен жалғастыруға ден қойғанын байқауға болады. Аспантану ілімін зерттеп жүрген шығыстанушы ғалым поэзиясының негізгі өзегі – көне түріктің жолы ӘБЖАД деуге болады. Мазұны мен түрі жағынан жаңалық іздеген, тың бейнелі тіркестер ұсынған ақын шығармаларында ізденушілік басым. Ол аспантану ілімімен де байланысты.

2023 жылдың ақпанында Түркияда болған зілзаладан 35 мыңнан астам адам қаза тауып, ондаған мың адам зардап шекті. Ақын Қасымхан Бегманов «Үй астында шырылдайды ардағым», Мағиза Құнапия «Түркі еліне аза жыр», ұлытаулық ақын Мұқаш Сейтқазинов «Бауырлар, біз сендермен біргеміз!» үндеуі мен «Ана – жүрек деген осы болар!», Атырау облысы, Құрманғазы ауданының тумасы Таңатар Дәрелов «Мұсылманның қорғанындай Түрік бұл» деген аза жырында түрік халқының басына түскен қасіретті бөлісті.

Қазіргі поэзиядан көзге түсетін келесі мәселе – ақ өлең үлгісінің кең етек жаюы. Ақ өлең үлгісімен жазып жүрген жастардың бірі – поэзияға өзіндік өрнегімен келген Роза Аспанқызы. Ақын ақпараттық қоғамның талап-тілектеріне сай барынша ықшам жазуға төселген. Бір-екі тармақпен ой салуға болатынын мына өлең жолдарынан көруге болады:

Ернімнен тұз дәмін сезінемін,  
Жел ме әлде Теңізден соққан желден бе... [12, 56]

*немесе:*

Бүгін түнде қар жауады деп еді,  
Таңертеңнен көктем неге келіп тұр [12, 60]

*немесе:*

Бұл мезгілде біздің жаққа Құстар қайтып келеді,  
Біздің мекен суынған соң қайта кетер жолменен... [12, 61]

Екі тармақтан тұратын өлең жолдары оқырманға ой салатыны анық. Өмір жайындағы философиялық ойларға жетелей білген автордың «Теңіз», «Құс» сөздерінің бас әріппен жазылуына қарап отырып, жалпылама есімдер неге бас әріппен жазылып тұр деген ой туады. Табиғат құбылыстарын бейнелеген жалпы есімдердің астарында жалқы есімдер, не болмаса жекелеген кейіпкерлердің тағдыры жатқан жоқ па деген ой мазалары анық.

Р. Аспанқызы – көп ізденетін, Батыс ақындарын жиі оқитын ақын екені оның жазғандарынан, ойларынан көрінеді. Сонымен бірге ол – ақ өлең үлгісін әдеби үдерісте жаңғыртып жүрген ақын. Оны төмендегі өлең үлгілерінен көруге болады:

Сірді Құдай алдаған жоқ,  
Алдауға да тырысқан жоқ ол.  
Тек сіздің өтіріктерге сеніп қала берді Құдай,  
Себебі өтіріктеріңіз ұнайтын оған... [12, 71]

*немесе:*

Ол майшамның таусылып бара жатқан хәліндей күйде еді.  
Жоқ, аянышты емес.  
Құдды, бір өнер туындысы ма дерсіз... [12, 46]

## ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта айтқанда, қазіргі қазақ поэзиясының даму бағыттарын жоғарыда зерттеу нысанына алынған ақындардың шығармаларымен тұжырымдауға болады. Ұлттық поэзияның мазмұны мен пішіні күн өткен сайын толығырақ. Әдебиет – өмірдің көркем шежіресі болса, ел ішіндегі айтулы оқиғаларға алдымен үн қосатын ақындар. Оны біз ел басына күн туған 1986 жылғы Желтоқсан, 2020 жылғы «COVID-19», 2022 жылғы Қостанай, 2023 жылғы маусымда Семей орманындағы өрт 2023 жылғы 8 ақпанда Түркияда болған алапат жер сілкінісі кезіндегі оқиғалар барысында көрдік. Бұлардан өзге түрлі ірілі-ұсақты оқиғалар қазіргі поэзияның мазмұнын кеңейтуде. Түр жағынан арнау, ода, мадақ, аза жырларының көп жазылатынын жоғарыдағы шығармалардан көрсек, әдебиеттегі жалғыздық сарыны қазіргі поэзияда анық көрінеді. Шығыс шайырлары мен батыс ақындарын қатар оқитын қазақ ақындары әлемдік әдебиеттегі постмодернизм элементтерін ұлттық поэзияға алып келуде.

## ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті қаржыландырып отырған «Әлем әдебиетінің даму контексіндегі қазіргі қазақ әдебиетінің даму үрдістері: көркемдік ағым-бағыттар» іргелі ғылыми-зерттеу жобасы аясында дайындалды.

- 1 Burnshaw S. «The Three Revolutions of Modern Poetry // The Sewanee Review. Vol.70, 1962. - №3. - P.418-450.
- 2 Dorothy W. Thinking Its Presence: Form, Race, and Subjectivity in Contemporary Asian American Poetry. – Hardback, 2023. – 416 p.
- 3 Sukanya Basu Mallik-тің «The development of modern poetry in India» // Current literature INDIA BLOGS June 3, 2020, <https://www.google.com/search?q=Sukanya+Basu+Mallik> (қаралған күні: 11.09.2023)
- 4 Kathleen Kuiper «Modernist» // The Editors of Encyclopædia Britannica <https://www.britannica.com/editor/The-Editors-of-Encyclopaedia> (қаралған күні: 12.09.2023)
- 5 Gulzhakhan Orda, Nurbol Khudaibergenov, Zhansulu Sarsenbayeva, Saltanat Amanzhol, Nassikhat Mursalimova. The December Revolt Statement (Description) in Kazakh Literature // Opción. – 2019. – № 89. – P. 177-194.
- 6 Gulzhakhan Orda, Zhansulu Sarsenbayeva, Bibigul Sultanova, Nurmukhamed Abilkhayrov, Kulsun Abdrakhmanova. Artistic transformation of the female image in kazakh literature // Mankind Quarterly. – 2021. – № 61(3)16. – P. 653-668.
- 7 Қабдолов З. Көзқарас. – А.: Рауан, 1997. – 243 б.
- 8 Қайранбаев Қ. Көңілдің қоңырауы. – А.: Принт-Плюс, 2021. – 320 б.
- 9 Жылқыбекұлы Б. Көңілімнің көлеңкесі. – А.: Үш қиян, 2023. – 160 б.
- 10 Талап Ш. Адамға ойлардың аспаны. – А.: Abai, 2021. – 88 б.
- 11 ХХІ ғасыр әдебиеті (2001-2011). – Алматы, 2011. – 640 б.
- 12 Аспанқызы Р. 47. – А.: Балауса, 2021. – 84 б.
- 13 Құрман Ж. Қос күрең. – А.: Үш қиян, 2022. – 296 б.
- 14 Қуатбекұлы Е. Ақ жауын. – А.: Abai, ЖШС, 2021. – 168 б.
- 15 Мырзақұлов Б. ТоЛУНАй. – А.: Naqsh, 2023. – 97 б.

Материал 15.09.2023 баспаға түсті

### **Основные направления развития поэзии нового времени.**

Г.Ж.Орда<sup>1</sup>, Р.А.Искакова<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Институт литературы и искусства имени М.О. Ауэзова, Алматы, 050010, Республика Казахстан

<sup>2</sup>Алматинская Назарбаев Интеллектуальная школа по химии и биологии, Алматы, 050010, Республика Казахстан

*Данная статья посвящена выявлению и обобщению основных направлений развития казахской поэзии нового времени. Актуальность ее несомненна, поскольку казахская поэзия периода независимости до настоящего времени изучена не в полном объеме.*

*Ведущие тенденции поэзии ХХІ века рассматриваются в рамках творчества отдельных поэтов: К. Бегманова, К. Кайранбай, Ж. Курман, Б. Зылқыбекулы, М. Кунаши, М. Сейтказинова, Т. Далерова, С. Камшигер, Е. Куатбекулы, Б. Мырзакулова, Ш. Талап и Р. Аспанқызы. В современную казахскую поэзию перечисленные авторы вносят значительный вклад, который особенно виден при сравнении художественных произведений представителей разных поколений поэтов. Всесторонне рассматриваются художественные поиски в раскрытии тематики и проблематики, изображении образа лирического героя, эволюции формы национальной поэзии. В результате литературоведческого анализа на первый план выходит проблема преемственности традиций и новаторства в казахской поэзии современного периода ее развития. Концепт одиночество в поэтическом тексте подтверждается протестами поэтов и их современников против того общества, в котором они живут. Избранные для анализа поэтические произведения удачно передают своеобразие*



*национальной поэзии, разнообразие жанров, богатство содержания и индивидуальность формы.*

*Статья написана на основе сравнительно-сопоставительного метода, наиболее полно позволяющего анализировать избранные литературные тексты. Результаты завершеного исследования могут быть применены как дополнительный материал в курсах преподавания литературы новой эпохи на филологических факультетах вузов страны и на факультетах журналистики.*

*Ключевые слова: поэзия, лирика, содержание, форма, художественный поиск, преемственность традиции, новаторство.*

## СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Бурншоу С. Три революции современной поэзии // The Sewanee Review. Том 70, 1962. - №3. - С.418-450.
- 2 Дороти В. Думая о своем присутствии: форма, раса и субъективность в современной азиатско-американской поэзии. – Твердый переплет, 2023. – 416 с.
- 3 Суканья Басу Маллик. Развитие современной поэзии в Индии // Актуальная литература БЛОГИ ИНДИИ 3 июня 2020, <https://www.google.com/search?q=Sukanya+Basu+Mallik> (дата обращения: 11.09) 2023)
- 4 Кэтлин Койпер. Модернист // Редакция Британской энциклопедии <https://www.britannica.com/editor/The-Editors-of-Encyclopaedia> (дата обращения: 12.09.2023)
- 5 Гулжахан Орда, Нурбол Худайбергенов, Жансулу Сарсенбаева, Салтанат Аманжол, Насихат Мурсалимова. Изображение Декабрьского восстания в казахской литературе // Орсібп. – 2019. – № 89. – С. 177-194.
- 6 Гульжахан Орда, Жансулу Сарсенбаева, Бибигуль Султанова, Нурмухамед Абилхаиров, Кулсун Абдрахманова. Художественная трансформация женского образа в казахской литературе // Mankind Quarterly. – 2021. – № 61(3)16. – С. 653-668.
- 7 Кабдолов З. Точка зрения. - А.: Рауан, 1997. - 243 с.
- 8 Кайранбаев К. Звонок радости. – А.: Принт-Плюс, 2021. – 320 с.
- 9 Жилкыбекулы Б. Тень моего настроения. – А.: Ушкян, 2023. – 160 с.
- 10 Талап Ш. Небо заблуждений. – А.: Абай, 2021. – 88 с.
- 11 Литература XXI века (2001-2011). – Алматы, 2011. – 640 с.
- 12 Аспанкызы Р. 47. – А.: Балауса, 2021. – 84 с.
- 13 Курман Д. Кос курен. – А.: Ушкян, 2022. – 296 с.
- 14 Куатбекулы Е. Белый дождь. – А.: ТОО «Абай», 2021. – 168 с.
- 15 Мырзакулов Б. ТоЛУНАй. – А.: Накш, 2023. – 97 с.

Материал поступил в редакцию журнала 15.09.2023

### **The main directions of development of poetry of modern times**

G.ZH.Orda<sup>1</sup>, R.A.Iskakova<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Institute of Literature and Art named after M.O. Auezova, Almaty, 050010, Republic of Kazakhstan

<sup>2</sup>Kazakh language and literature Almaty Nazarbayev Intellectual School of Chemistry and Biology, Almaty, 050010, Republic of Kazakhstan

*This article identifies and summarizes the main directions of the modern Kazakh poetry development. The relevance of the study lies in the fact that Kazakh poetry of the independence period has not been fully studied to date.*

*The leading trends in poetry of the 21st century are considered in the works of the poets: K. Begmanov, K. Kayranbai, J. Kurman, B. Zylkybekuly, M. Kunapia, M. Seitkazinov, T. Dalerova, S. Kamshiger, E. Kuatbekuly, B. Myrzakulova, Sh. Talap and R. Aspankyzy. The listed authors have*

*made a significant contribution to the modern Kazakh poetry, which is especially visible when comparing the artistic works of the poets of different generations. The article considers the artistic searches in the themes and problems, depicting the image of a lyrical hero. It also considers the evolution of the national poetry. The article analyzes the problem of continuity of traditions and innovation in the modern Kazakh poetry. The concept of loneliness in a poetic text is confirmed by the protests of poets and their contemporaries against the society in which they live. The poetic works selected for analysis successfully convey the originality of national poetry, the variety of genres, the richness of content and the individuality of form.*

*The article is written on the basis of the comparative method, which most fully allows for the analysis of selected literary texts. The results of the completed research can be used as additional material in courses teaching literature of the new era at the philological faculties of universities and at the faculties of journalism.*

*Key words: poetry, lyrics, content, form, art search, continuity of tradition, innovation.*

## REFERENCES

- 1 Burnshaw S. «The Three Revolutions of Modern Poetry // The Sewanee Review. Vol.70, 1962. - №3. - P.418-450.
- 2 Dorothy W. Thinking Its Presence: Form, Race, and Subjectivity in Contemporary Asian American Poetry. – Hardback, 2023. – 416 p.
- 3 Sukanya Basu Mallik-тің «The development of modern poetry in India» // Current literature INDIA BLOGS June 3, 2020, <https://www.google.com/search?q=Sukanya+Basu+Mallik> (accessed 11.09.2023)
- 4 Kathleen Kuiper «Modernist» // The Editors of Encyclopædia Britannica <https://www.britannica.com/editor/The-Editors-of-Encyclopaedia> (accessed 12.09.2023)
- 5 Gulzhakhan Orda, Nurbol Khudaibergenov, Zhansulu Sarsenbayeva, Saltanat Amanzhol, Nassikhat Mursalimova. The December Revolt Statement (Description) in Kazakh Literature // Opción. – 2019. – № 89. – P. 177-194.
- 6 Gulzhakhan Orda, Zhansulu Sarsenbayeva, Bibigul Sultanova, Nurmukhamed Abilkhayirov, Kulsun Abdrakhmanova. Artistic transformation of the female image in kazakh literature // Mankind Quarterly. – 2021. – № 61(3)16. – P. 653-668.
- 7 Kabdolov Z. Kozkaras [Point of view] (Almaty, 1997).
- 8 Kairanbaev K. Konildin konirayi [The call of joy] (Almaty, 2021).
- 9 Zhilkybekuly B. Konilimnin kolenkesi [The shadow of my mood] (Almaty, 2023).
- 10 Demand Sh. Adaskak oilardin aspani [The sky of delusions] (Almaty, 2021).
- 11 XXI gasir adebieti (2001-2011) [Literature of the 21st century (2001-2011)]. (Almaty, 2021).
- 12 Aspankuzy R. 47 [47] (Almaty, 2021).
- 13 Kurman J. Kos kuren [Double purple] (Almaty, 2022).
- 14 Kuatbekuly E. Ak zhayun [White enemy] (Almaty, 2021).
- 15 Myrzakulov B. ToLUNAi [ToLUNAi] (Almaty, 2023).

Received: 15.09.2023